

№143 орта мектеп 2022 -2023 оқу жылы бойынша тегін және жеңілдетілген тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

06.01.2023ж

Қатысқандары: 5

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2023 жылдың қаңтар айының 09 қаңтарынан бастап барлық бастауыш 1- 4 сынып оқушыларына жеңілдетілген тегін тамақтануды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директордың міндетін атқарушы **Ғ.Төребаев** сөз алды: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс- қимыл жоспарының 77 пунктінде Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында таныстыру жүргізді, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуді қолға алуымыз керек. Жұмысты жүйелі жүргізу үшін шаруашылық меңгерушісі **Н.Бекмағанбетов**, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Ғ.Молдашов**, әлеуметтік педагог **С.Байқуатова**, мектеп педагог- психолог **Ж.Бисенова**, мектеп аяжаны **Ғ.Төребаева**, бастауыш сыныптардың жетекшілері ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін жасап, мектеп асханасының жабдықтарын ретке келтіруді, тазалық жұмыстарын жүргізуді жедел түрде қолға алып, жұмысты бастаңыздар!

**Әлеуметтік педагог С.Байқуатова** сөз алды Мектептегі әлеуметтік аз қамтылған осал отбасылардан шыққан балалар 154,барлық бастауыш сынып оқушыларын 305 тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету негізінде көрсетілген 459 оқушыны ыстық тамақпен қамтуды ұсынып отырмын.

**Мектеп медбикесі Ғ.Төребаева** сөз алды Мектеп асханасына өз тарапынан бақылау жүргізіп, барлық ережелердің сақталуына, тамақтың құнарына, жемістердің сапалығына, дайын өнімдердің сертификатына, гигиеналық талаптарына қатаң түрде бақылау жасау бойынша жұмыстар жүргізетінін айтып өтті.

Қаулы:

1. Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен әлеуметтік жағдайына байланысты білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымшадағы тізімге сәйкес 154 балаға және барлық бастауыш 1-4 сыныптың 304 оқушы қаңтар айының 09 жұлдызынан бастап, тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына **Ғ.Молдашовқа** міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



**Ғ.Төребаев**

**С.Байқуатова**